

Әлі күнге дейін көне Сарайшықтың қирандылары сарайшық ауылында шашылып жатыр. Атырауға аяқ басқандардың Алтын Орда дәуірінде астана болған Сарайшық қаласының тарихи орнына табан тіремейтіні кемде-кем. Мұнда тарихшы-зерттеуші, облыс қонақтарынан басқа да осы орынды көру үшін шет мемлекеттерден арнайы келетіндер де аз емес.

Қасым хан хандық құрған кезеңде саяси-экономикалық тұрғыда айрықша дамыған, ғылыми орталық болған Сарайшықта мұражай қорығы жұмыс істеп, өткеннің ұлағатын ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөл атқарып тұр. 1999 жылы қыркүйекте ашылған кешен үш құрамнан тұрады. Оның алғашқысы – хандар пантеоны. Сол тұста облысты басқарған Иманғали Тасмағамбетовтің идеясынан туындаған бұл пантеон сегіз қабырғадан құралған. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Мөңке-Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Әмір-Оқас, Қасым хан, Ших Мамай, Жүсіп хандардың есімдері осылайша тәуелсіз елдің төрінде тағы бір жаңғырды.

Ал мұражай ішіне Сарайшық қазбасынан шыққан тарихи жәдігерлер қойылып, XIV ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті жасақталған.

Кешен ішіндегі мешітте ата-бабалар рухына дұға бағыштап, өткенге иман тілеу үнемі орындалып отырады. Кешеннің үшінші бөлігі – қазба орны. Жайық өзенінің иінінде орналасқан жалпы көлемі 600\*600 метр алаңқайды алып жатқан қазба орнында жаз айларында Ә.Марғұлан атындағы Қазақ археология институтының Батыс филиалының экспедициясы жұмыс істейді [4]. Сарайшықты Ә.Марғұлан, З.Самашев, Ж.Сыдықов, т.б. ғалымдар зерттеген.

Қорытындылай келе, Сарайшық біздің тарихымыздың бөлінбес бөлшегі. Қазіргі таңда қаланың жер бетінен жойылып кету қаупі туып отырған сәтте, қаланы сақтап қалу керек. Сарайшықта сол заманда болмаған көпір болған, аңызға сүйенсек, аққу көлі болған, кең бөлмелі үйлері мен ұстаханалары, мешіттер мен керуен сарайларға толы қала болған. Сән-салтанаты асқан дархан даламыздың орталығын орыстар келіп, талап, жойып жіберді. Түркістаннан бұрын, алғашқы хандар жерленген пантеоны.

Қазіргі таңда Сарайшық өз деңгейінде дәріптеліп жүрген жоқ. Тарихқа толы мекенімізді туризммен ұштастыра білсек, халқымыз үшін де жақсы. Бар тарихты көрсетіп, мақтана білейік.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Хан ордалы Сарайшық // Алаш аймағы. – 2012. – 20 шілде.
2. Атырау: энциклопедия. – Алматы: Арыс баспасы, 2004.
3. Тоқтабаева А. Сарайшықтың Аққу көлі // Егемен Қазақстан. – 1998. – 21 наурыз.
4. Құсайынұлы Ш. Аспан астындағы мұражай // «Қазақстан Заман» газеті. – 2009. – 2 шілде.

### **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САМГУК САГИ КОРЕЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ, КОГУРЕ ПАТШАЛЫҒЫ МЕН ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ-ӘСКЕРИ ҚАТЫНАСТАРЫ**

Бейсембай С. С., 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Өскембаев Қ. С.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

«Самгук Саги» немесе «Үш мемлекеттің хроникалары» – корей жазба деректерінің ішіндегі көнелерінің қатарына жатады. Коре мемлекетінің ваны Инджонның тапсырмасымен сарай тарихшысы Ким Бусик «Үш мемлекеттің хроникаларын» 1145 жылы аяқтайды. Оның еңбегі ғасырлар бойы жинақталған құнды мәліметтерді өзіне сіңірген [1, 9 б.]. «Самгук Саги» тарихи хроникасы бірнеше бөлімдерден тұрады: «Силла жылнамалары», «Когуре жылнамалары», «Пэкче жылнамалары», «Биографиялар» және т.б. Түркілер жайлы мәліметтер негізінен «Когуре жылнамалары» атты бөлімінде жинақталған.

«Когуре жылнамаларында» түркілер атауы, алғашқы рет 551 жылы кездеседі. Корей жылнамашылары түркілерді «тольгволь» деп атаған: *«жетінші жыл (551 ж.) Жазда,*

*бесінші айда, Бэй Ци (Солтүстік Ци) [сарайына] елшімен бірге тағзымымыз бен сыйларымызды жібердік. Күзде, тоғызыншы айда тольгволь (түркілер) келіп, Синсон қамалын қоршады, бірақ [оны] ала алмай, Пэгам қамалына шабуыл жасады. Ван (патша) қолбасшы Ко Хыльді он мыңдық әскермен жіберді, ол шабуылды тойтарып, оларды [түркілерді] талқандап, мыңға тарта адамды өлтірді немесе тұтқынға алды. [Осы кезде] Силланың [әскері] шабуылдады, он бекіністі басып алды [1, 96 б.].*

Мәліметті сараптай отырып, түркі әскерінің Когуре территориясына 551 жылы басып кіргенін аңғаруға болады. Жылнамашылардың баяндау контекстіне қарағанда, түркілердің әскер санының аз және әлсіз болғандығын және Ко Хыль қолбасшы бастаған когурелік 10 мыңдық корпусы оларды оңайлықпен талқандағанын байқауға болады. Егер де түркілердің жужандарды біржолата тек 552 жылы жеңгенін ескеретін болсақ, 551 жылы Когуренің шекаралық бекіністеріне шабуыл жасаған жауынгерлерді түркілердің шығыс бағытқа барлау немесе жортуылға жіберілген экспедициялық корпусы ретінде қарастыруға болады. Когуре жылнамаларында 551 жылдан кейін, тольгволь (түркілер) атауы кездейпеді.

552 жылдың қыс мезгілінде Жужан қағанатын қиратқан Бумын, Түркі қағанатының негізін салды [3, 27 б.]. Жужандарды жеңгеннен кейін, түркілер көршілес орналасқан көшпелі тайпаларға қарсы белсенді әскери қимылдарды жүргізе бастады, 554 жылы қағанат – империяға айналды, ал солтүстікте Цигу елі жаулап алынды [3, 29 б.]. Бэй Ци (Солтүстік Ци) мемлекеті 553 жылы қидандарды басып алғаннан кейін, оның солтүстік шекарасы қағанаттың иеліктеріне жақындай түсті [3, 29 б.]. Осы оқиға түркілердің Бэй Ци еліне қарай назарын аударды, ал бұл қытайлықтар үшін тиімсіз болды. Енді қағанаттың экспансиясы батыс және оңтүстік-шығысқа бағытталды.

580 жылы Түркі қағанаты өзінің дамуының ең жоғарғы шегіне жетті. 581 жылы Таспар қаған (Татпар) қайтыс болды, ал Қытайда түркілердің ең басты жауы, Сүй династиясының (581–618) негізін салушы, соғысқұмар қолбасшы – Ян Цзянь, Чжоу әулетін тақтан тайдырды [3, 32 б.]. Сүй династиясының билікке келуімен саяси ахуал түбегейлі өзгерді, жаңа әулеттің императорлары түркілерге қарсы басқыншылық саясатты күшейте түсті. Сүй әулеті 587 жылы Лян елін бағындырып, Қытайды бір тудың астына біріктірді, енді өзінің қуаты жағынан ол Түркі қағанатынан да асып түсті [5, 93 б.]. Силла патшалығы жаңа қытайлық династиямен достық қарым-қатынасты бірден орнатты, ал Когуре мен Пэкче түркілермен одақ құрып, Сүйге қарсы тұрды [2, 95 б.].

596 жылы Сүй елшісі Когуреден Қытайға бағынуын және түркілермен барлық достық қарым-қатынастарын үзуді талап етті. 598 жылдың жаз мезгілінде Қытайдың басып кіруін күтпей, когуреліктер 10 мыңдық әскермен Ляоси аймағына ескерту ретінде шабуыл жасады [2, 95 б.].

Бұл қақтығыс когурелік жылнамаларда былайша баяндалған: «тоғызыншы жылы (598 ж.) Ван 10 мыңға тарта мальгаль (мохэ) жауынгерлерін бастап, Ляосиге шабуыл жасады...» [1, 100 б.]. 598 жылы Қытай императоры Вэнь-ди (Ян-Цзянь) Когуре астанасы – Пхеньянға 300 мыңдық қолды аттандырады. Бірақ ауа-райының қолайсыздығы мен аштықтан Сүй әскері әр ондықтан 8-9 адам жоғалтып, кері шегінуге мәжбүр болды [2, 97 б.].

598 жылы орын алған ірі әскери шиеленістен кейін, екі мемлекет арасында бейбіт қарым-қатынастар қайта орнығады. Бірақ соған қарамастан, Когуре патшалығы түркілердің қолдауына ие болу үшін дипломатиялық өкілдіктерді аттандырып отырды [2, 97 б.].

Мысалы, 607 жылы Шығыс Түрік қағанатына когуреліктер тарапынан елші жіберіледі. «Когуре жылнамасында» бұл оқиға былайша суреттелген: «он сегізінші жылы (607 ж.) Бастапқыда, [Сүй императоры] Ян-ди Циминнің шатырына бет алған [кезде], Циминьде біздің елшіміз болған. Циминь оны жасыруға дәті бармады және онымен бірге императорды қарсы алды. Сол кезде хуанмэнь ишлан Пэй Цзюй императорға былай деді: «Когуре Киджаның (Ци-цзы) басқарған байырғы иелігі болған, [содан соң], Хань және Цзинь кезеңінде онда [империяның] аймақтары мен үйездері [құрылды]...қазір, оның (Когуре ванының) елшісі, Циминнің барлық ел-жұртымен [императордың] рақымына берілгенін көріп тұрған кезде, [Когуредегі] үрей мен дүрбелеңді өз пайдамызға асырып, оны [Когуре

ванын] [сарайға] тағызыммен келуге мәжбүр етеміз». Император бұл кеңесті тыңдап, Нью Хунге келесі сөздерді [елшіге] жеткіз деген бұйрық берді: «Циминь шын жүректен империяға қызмет етіп жүргендіктен, мен оның шатырына өзім арнайы келдім, ал келесі жылы Чжоуцзюньге бармақпын...[үйіне] келісіңмен, дәл сол күні, өз ванына қобалжымай және қорықпай шұғыл түрде сарайға тағызым етуге келсін деп айт, сонда [мен] Циминьге көрсеткен сый-құрметімді, оған да көрсетемін. Ал егер [ол] бас июге келмесе, Циминьге әскерімен бірге оның иеліктеріне [тексеріске] баруды жүктеймін». Ван шеткі аймақтағы [вассал] [бола тұра], өзінің әдепсіздік танытқанын және императордың оны түркі қағаны Циминнің қолымен жазасын берейін деп жүргеніне зәресі ұшып кетті...» [1, 101-102 б.].

Жоғарыда суреттелген оқиға Жәңгір Кимин (Циминь) қағанның тұсында болған. Сүй мемлекеті Кореяда ұстанған «бөліп ал да, билей бер» саясатын Түрік қағанатына да қарсы негізгі қару ретінде пайдалануға ұмтылды. VI ғасырдың аяғында Таспар қағанның қайтыс болуы, тегіндердің билік үшін бақталасы, тайпаралық шиеленістер және ең басты себеп – Қытайдың Сүй әулетінің қоластында бірігуі мен күшеюі, Түркі қағанатының әлсіреуіне әкеліп соқтырды. Тардуш қағанның өлімінен кейін, 603 жылы мемлекет екіге – Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарына бөлініп кетті. 604 жылдың аяғында Сүй империясының қолжаулығы – опасыз Жәңгір Кимин Шығыс Түрік қағаны болып ресми түрде мойындалды [3, 140 б.]. Жәңгір қаған Сүй императорына толығымен бағынышты болып, Ордоста қытай әскерінің қорғауында өмір сүрді [3, 141 б.].

605 жылы Сүй императоры Ян-дидің бұйрығымен, Жәңгір қаған (Циминь) қидан тайпаларының көтерілісін басып-жаныштады. Мұнымен бірге Жәңгір ордасын солтүстік өңірлерді мекендеген көшпелілерге де қарсы пайдалануға болар еді [3, 141 б.]. Осы кезде Когуре патшалығы Қытайға қарсы саясат жүргізіп отырған елдердің бірі еді. Жоғарыда айтылып кеткендей, 607 жылы Когуре Шығыс Түрік қағаны Жәңгірге Сүй империясына қарсы одақтық келісім жасау үшін елші жіберген болатын. Оның Қытай императорының қолжаулығы екені туралы когуреліктердің хабары болмаса керек. Сүй императоры Ян-ди, Жәңгірді (Циминді) Когуре ванына сес көрсету үшін қолдануға тырысқан. Құнды мәлімет Жәңгірдің императорға тәуелді екеніне тағы да дәйек бола алады.

Қытайлықтар баяғыдан бері өзін ақтап келе жатқан әдіс – пара беру арқылы сатып алу мен арандатушылық дипломатияны ұтқыр қолдана білген. Сүй үкіметі ру басыларын сән-салтанатты мерекелік шаралар, бағалы сыйлықтар беру және тәтті тағамдарға бай қонақасын ұйымдастыру арқылы сатып алумен шұғылдана бастады. Мысалға, император Ян-ди 607 жылы Жәңгір қаған мен 3500 ру басыларына құнды сыйлықтар беру мен қатар сән-салтанатты қонақасын өткізді. 610 жылдан бері мұндай мерекелік шаралар Лоянда үнемі өткізіліп тұрды [5, 98 б.]. Жәңгір қағанның ордасында 607 жылы Император Ян-дидің Когуре елшісіне жоғарыда айтқан сөзі бұған дәйек бола алады: «сонда [мен] Циминьге көрсеткен сый-құрметімді, оған да көрсетемін».

608 жылдың күзінде Жәңгір қаған қайтыс болып, оның орнына Сүй императоры Ян-ди Шібір қағанды (Ашина Доцзи) тағайындайды. Бірақ Шібір әкесі Жәңгір секілді жігерсіз болған жоқ, қайта атасы Жабғу Баға қаған (Чулохоу) сияқты тапқыр және атакқұмар билеуші болды [3, 163 б.].

Қытайлықтардың батыстағы саясаты табыссыз болып, енді олар шығысқа қайта назарын аудара бастады. 611 жылы император Ян-ди Когуреге қарсы соғыс жариялайды. Жорық 612 жылдың қысында басталды. Сүй әулеті кезінде Қытайда жалпы 24 әскери бөлім (1 миллион 333 мың 800 адам) болды, оның 9 бөлімі (305 мың адам) Когуреге аттандырылды. Ыльчжи Мундок қолбасшы бастаған когуреліктер Пхеньян маңындағы, Сальсу өзені бойында Сүй әскерінің тас-талқанын шығарды. 300 мыңдық қолдан, Қытайға 2700 адам ғана оралды [2, 97 б.].

Когуреге қарсы бағытталған 598, 612-614 жылдардағы нәтижесіз жорықтар, Сүй империясының күш-қуатын тауысып бітті. Ян-дидің шолақ саясатының арқасында империя шаруалар соғысының алдында тұрды. 615 жылы император елге тәртіп орнатудың орнына, Фын-Ян-Гун сарайында сауық құрып, көңіл көтеріп жатты [3, 166 б.]. Табғаштардан кек

алудың оңтайлы сәтін күтіп отырған Шібір қаған, Қытайдағы 39 бекіністі басып алып, тығылып жатқан императордың аймақтарын ойрандап кетеді. Түркіт ауыр қаруланған салт аттыларының қан-талапай шапқыншылықтары Цзиньнның қабырғасына дейін жетеді. Көптеген қытайлар түркіттер жағына шығып, әскер қатарын молайта түседі [3, 168 б.]. Салтанатты сарайында көңіл көтеріп, сұлуларды құшып, шарапқа масайып жатқан Ян-диді өз жақтастары буындырып өлтірген.

618 жылдың 18 маусымында қолбасшы Ли Юань өзін император Гаоцзу деп жариялап, Тан династиясының негізін салды. 8 жыл бойы билік басында болған Гаоцзу тұсында Тан мемлекетіне түркілер қауіп төндіріп тұрды. 626 жылы Ли Шиминь (Тайцзун) өз әкесін тақтан тайдырып, империядағы билік тізгінін өз қолына алады.

Тайцзун үшін Шығыс Түрік қағанатындағы дағдарысты пайдаланбау кешірілмес жаңсақтық болар еді, сондықтан ол 628 жылдан бастап үлкен соғысқа әзірлене бастайды және оның алғашқы құрбанына Шофан бекінісін ұстап тұрған Лян Ши-ду ілікті [3, 202 б.].

Табғаш императорының алты әскері тұтас бір майдан болып қанаттасып, Луаньхэ өзенінен Биньчжоуға дейін қара құрттай қаптап, бүкіл аймақты ойрандап келе жатты. Оянлин тауының баурайында Сели қаған (Қат Елхан Бахадүр-шад) жеңіліп, 630 жылдың бас кезінде шөлді басып өтіп, терістікке шегінеді. Сол кезде оның жақындары опасыздық жасап, жеңімпазға Сүй әулетінің ханшасы мен ханзаданы береді. Алайда Қат Елханның қарауында әлі де болса, адалдығына кәміл сенуге болатын «ондаған мың әскері» бар еді, сол себепті де ол құрметті бітімге келу жөнінде келіссөз жүргізбек болады. Император қағанның ұсынысын қабылдамақ болып жатқанда, қолбасшы істі шешіп қояды, ол аңламай шабуыл жасап, түркіттердің қалған әскерін талқандайды. Кат Елхан қашып кетеді, бірақ жолай ұсталынып, Чаньанға жеткізіледі. Оған ілесе қағанның ең соңғы адал жақыны – Ешбар Сүйінші-шад беріледі де, Шығыс Түрік қағанаты дербес мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатады [3, 203 б.].

Тайцзунның Кат Елханды қолына түсіргені жайындағы ең негізгі мағлұматты Цзю Тан-шу (Тан кітабы) хроникасынан кездестіреміз. Самгук Саги хроникасында да осы оқиға баяндалған: *«он бірінші жылы (628 ж.) Күзде, тоғызыншы айда, Тан сарайына елші келді. Ол [император] Тай-цзунды түркі қағаны Селиді қолға түсіргені үшін құттықтады және [біздің] шекараларымыздың картасын сыйға тартты»* [1, 110 б.].

Бұл жерде Когуре елшісінің Тан сарайына жеткен уақыты Чжэнь-гуань заманының 2-ші жылы, яғни 628 жыл деп көрсетілген, бірақ шындығында Кат Елхан Тайцзунның қолына тек Чжэнь-гуань заманының 4-ші жылында, яғни 630 жылы ғана түскен.

630 жылы Шығыс Түрік қағанаты жойылып, түркілер 679 жылдың аяғына дейін, елу жыл бойы табғаштардың қоластында болды. Тайцзун түркіні де, табғашты да, қытайды да бөліп жармай, барлығын да Тан империясын құраушы, бір бөлшегі деп қараған. Тайцзун – қытай императорларының ішіндегі ең ұлы, ең қуаттыларының бірі болған. Ол қытай және көшпелі мәдениетін біріктірмекші болған. Өз жанына әскери және саяси тәжірибесі мол түркіт қолбасшыларын тартып отырған. Мысалы, император Шығыс Түркі қағаны Чулоханның екінші ұлы – Ашина Шениді (Дуэру) атты әскер қолбасшысы етіп тағайындады. «Когуре жылнамасынан» Ашина Шени (Дуэру) туралы мағлұматты келтіруге болады: *«төртінші жылы (645 ж.)...император оның жалтақтап алға жүруге деген [ойынан айнып қалуынан] сескеніп, аға қолбасшы Эшина Дуэруге бір мыңдық түркі жауынгерлерімен оны алдап, тұзаққа түсіруге бұйрық берді. Бастапқыда, олар [Ко Енсу әскерімен айқасқа түсті], ал содан соң әдейі тым-тырақай қаша жөнелді. Енсу шаттана: «[Жөнге салу] соншалықты қиын болмады!» деп айқайлап жіберді. Содан соң алға ентелей жөнеліп, олардың ізіне түсті. Анси қамалының оңтүстік-шығыс түбіндегі елді мекенге жетіп, [бекіністен] сегіз ли қашықтықта, оның әскері тау бөктерінде ұрыс позициясымен (әскери тұрақпен) орналасты»* [1, 118 б.].

Когуре-Тан соғыстары кезінде Ашина Шени өзін ержүрек және батыл қолбасшы ретінде көрсетті. 645 жылы Тайцзуның қалың қолы Анси қамалына жақындаған кезде, солтүстіктен Ко Енсу бастаған когуреліктер мен мүкрилер (мальгаль) әскері солтүстіктен

келе жатты. Сонда император когуреліктерді шайқасуға арандату үшін, Ашина Шени (Дуэру) бастаған бір мың түркі сарбазын алға жібереді. Тайцзунның Ашина Шениге осынша маңызды тапсырманы жүктеуінің өзі, қолбасшының император үшін сенімді адам болғанын көрсетеді. Сонымен қорытып айтар болсақ, Бірінші Шығыс Түрік қағанатының әулетінен шыққан қағандар өз жерінде тиянақты билік жүргізе алмады. Олар жергілікті халықтың мүддесінен тақ үшін күресті жоғары қойып, ел ішінде айтыс-тартысқа жол берді. Олар билікке жергілікті тайпалардың емес, Қытай мемлекетінің қолдауымен қол жеткізіп, өздерінің саясатын жүргізуде Қытайға жалтақтап отырды. Мұны өзі мемлекет билігін әлсіретті. Құтлықтың табағаштарға қарсы күресіп, көздеген мақсатына қол жетуі, 682 жылы Екінші Шығыс Түрік қағанатының тарих сахнасына шығуына алып келді.

Әдетте зерттеушілер түркі халықтарының тарихын зерттеуде ең алдымен түркі жазба ескерткіштері, содан соң қытай, византия, араб, парсы және армян деректерін қолданады. Біз осы мақаланы жазу барысында, түркілердің саяси және әскери қатынастар тарихын корей халқының көне хроникасы – «Самгук Саги» тұрғысынан қарастыруға ұмтылдык. IV-VII ғасырларда үш патшалық (Когуре, Пэкче, Силла) Корей түбегінде өктемдік ету үшін күрес жүргізіп жатты. Патшалықтардың өктемдік үшін күресінің ұзаққа созылуы, бірін-бірі кезектесіп, алмастырып жатқан Қытай династияларының – Тоба Вэй (386-534), Бэй Ци (550-577), Бэй Чжоу (557-581), Сүй (581-618), Тан (618-907) ұтқыр саясатының нәтижесі еді. «Үш мемлекеттің хроникаларымен» таныса отырып, біз Шығыс Түрік қағанатының Қытай мен Корея арасындағы шиеленістерге, бақталастыққа және ірі соғыстарға белсене араласып отырғандығын аңғарамыз. Түркі халықтарының тарихын зерттеуде ортағасырлық корей деректерінің де, соның ішінде Когуре патшалығының жазба ескерткіштері ерекше маңызды рөл атқаратынын ескергеніміз жөн.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ким Бусик. Самгук Саги (Исторические записи трех государств) Кн. 2. Летописи Когуре. Летописи Пэкче. Хронологические таблицы. Издание текста, перевод, вступ. статья и коммент. М.Н. Пака. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1995. – 405, VIII, 344, VII с. (Памятники литературы народов Востока. Тексты. Большая Серия. I, 2).
2. Курбанов С. О. История Кореи: с древности до начала XXI в. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2009. – 680 с.
3. Гумилев Л. Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы. «Білім», 1994 – 480 бет.
4. Бернштам А. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI–VIII веков. – М.Л., 1946.
5. Файзрахманов Г.Л. Древние тюрки в Сибири и Центральной Азии. Казань, Мастер Лайн, 2000. – 188 с.

#### **АҚЫРТАС САРАЙ КЕШЕНІ**

Берикалиева Т.Т.,

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Қалыш А.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Елімізде 25 мыңнан астам мәдени ескерткіш – кешен бар деп есептелсе, осынау мол мұраның 1100-ден астамы Тараз топырағында жатыр. Айша бибі кесенесінен кейін ауызға ілгері – Орта Азия құрлығында теңдесі жоқ Ақыртас сарай – кешені. Ақыртас сарай кешені – Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Ақшолақ теміржол станциясынан 6 шақырым оңтүстікте, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. Кешеннің құрамына сарай құрылысы және өзеннің құрғақ арнасының екі жағындағы оған жанасып жатқан территорияда шоғырланған объектілер кіреді. Олар қала сыртындағы үй-жай, қамал, парк, тас алатын карьер, саз балшық карьері, хауздар (су қоймасы). Ақыртас кешенін зерттеу тарихы 130 жылдан артық.